



**Келісемін**  
**Ақтөбе облыстық әдістемелік**  
**органының директоры**  
**Д.Жаманбаева**



**Бекітемін**  
**№49 «Думан» бөбекжай-**  
**балабақшасының меңгерушісі**  
**А.Т. Саликова**

## **«Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»**

**облыстық шығармашылық шеберхана**

**Шеберхана жетекшісі:**  
**Узакбаева Сапаргуль Буркитбаевна,**  
**Ақтөбе қаласы №49 «Думан» бөбекжай-**  
**балабақшасының тәрбиешісі**

2025-2026 оқу жылы

*Сапаргуль Узакбаева*

Облыстық шығармашылық шеберхана бағдарламасының негізі жаңа көзқарасты педагог үздіксіз қалыптастыру тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңына» сәйкес негізделіп жасалған.

**Құрастырған:** Узакбаева Сапаргуль Буркитбаевна, Ақтөбе қаласы №49 «Думан» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасының әдістемелік кеңесі отырысында «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы шеберхана бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің әдістемесі бойынша талқыланды.

Хаттама № 1 « » ----- 2025 жыл

№49 «Думан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі:



А.Т.Саликова

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы комиссиясының отырысында «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы облыстық шеберхана бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бағдарламасы бойынша мақұлданды.

Хаттама № « » \_\_\_\_\_ 2025 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы:



(қолы)

Р. Жаманбаева

(аты-жөні)

## Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дарындылығын және танымдық қабілеттерін еркін дамыту бағытында балабақша тәрбиешілеріне шығармашылық қолдау көрсету мақсатымен облыстық шеберхана құрылған. Бағдарламаның ерекшелігі-балалардың бейнелеу материалдарын өздері таңдап, оларды өз қалауларына өзгертіп, жаңартып, үйлестіріп әрекет жасауы. Жас бүлдіршіндердің өздерінің ашқан жаңалықтарын қағаз бетіне әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдана отырып, өз қалауларына бейне шығарып және нәтижелерін өз көздерімен көріп, қуаныш сезіміне кенелуге деген қызығушылығын арттыру және оларға мүмкіндік беру.

Шығармашылық – бұл баланың өзін – өзі тануға, алға ұмтылуға, жаңашылдықты ізденуге апаратын жол. Қоршаған қоғамға бейімделу және дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Дәстүрден тыс сурет салудың ықпалы баланың тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілетіне түрткі болып, ерекше ойлауға үйретеді. ТРИЗ элементтерімен бейнелеу міндеттерін орындау балалардың психологиялық жетістіктерін, яғни ойлау қабілетін, қиялы мен шығармашылығын, есте сақтауын, сондай-ақ еркіндік, батылдық және де көркемдік талғамын, эстетикалық мәдениетін дамытады.

**Өзектілігі:** Бүгінгі күні балалар шығармашылығын дамыту өзекті мәселелердің бірі. Мектепке дейінгі жас тек бейнелі ойлауды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық әрекеттің негізін құрайтын қиялды, психикалық процестерді дамытуға қолайлы кезең. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогтарға шығармашылық қолдау көрсету, олардың кәсіби шеберліктерін арттыру. Педагогтың тұлғалық функциясын іске асыруда, өзінің кәсіби деңгейін көтеруге, жаңашылдықты игеруге, кәсіби өсуіне ықпал ету.

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу мен ойын процесі барысында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

### Міндеттері:

- балалардың шығармашылық әлеуетінің (шамасының) мүмкіншіліктерін дамыту;
- дәстүрден тыс құралдарды пайдалана отырып, шығармашылық талаптану мен эмоциялық қызығушылықтарын туғызу;
- қиялын, байқағыштығы мен әлемді бейнелі қабылдауын дамыту;

### Күтілетін нәтижелер:

- Бейнелеудің дәстүрден тыс тәсілдерін қолданып, өзінің шығармашылық ойын еркін суреттей біледі.

- Бейненің сипатына сәйкес техникалық тәсілдер мен бейнелеу құралдарын өздігінен таңдайды
- Жұмысын өз қалауы бойынша таңдап, ынта-ықыласпен орындайды, дербес өз-бетімен шешім қабылдауды меңгереді.

### **Педагогтерге қойылатын талаптар:**

- баланың өзінің шығармашылық ойын еркін білдіруге мүмкіндік беру;
- баланы нәтижелі, бейнелеу іс – әрекеттеріне жағдай жасау;
- баланың қызығушылығын, бейімделігін зерттеу және оларды дамытуға ынталандыру;
- табиғат құбылыстарын бақылау, эстетикалық талғамы мен өнер туындыларына қызығушылығын тәрбиелеу;
- қазақ және басқа да халықтардың әдеби, музыкалық және халық ауыз әдебиеті шығармаларын тыңдау;
- жетістікке жету жағдайын жасау; баланың қабілеті мен бейімін зерделей отырып, шығармашылық өсуі үшін мүмкіндіктер жасау.

### **Шығармашылық шеберхана жұмыстарын өткізудің міндеті**

Лауазымдық міндеттері: Әртүрлі деңгейде дамыған балаларды оқыту мен тәрбие беру мәселесі бойынша зертхана мен мамандардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырады жүзеге асырады. Балабақша тәрбиешілері арасындағы функционалды міндеттеді бөледі. Жоспарлық тапсырмалардың құрылуы мен орындалуын үйлестіреді, тәрбиешілер жұмысының нәтижесіне талдау жасайды, уақытылы есеп береді және мониторингтік бақылау жүргізеді. Бекітілген жұмыс тәртібінің орындалуын қадағалайды. Топ ішінде заттық кеңістіктік орталықтардың орналасуын, безендіруді ұйымдастырады, бала қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Балаларды зерттеу іс-әрекетіне бірлестігінің, көрме, олимпиада, конкурстарға дайындау шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырады. Тәрбиешілердің өзіндік білім алуын басқарады. Зертхана жұмысы жөнінде әдістемелік жинақтарды, ұсыныстарды және басқа да басылымдарға мақала дайындауды ұйымдастырады.

Облыстық шығармашылық шеберхананың өткізу кезеңінде атқарылатын жұмыс әдістері мен түрлері

<b>Өту түрлері</b>	<b>Бағыты</b>
Семинар-практикумдар Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті Шебер сағат Педагогикалық ринг	Тәжірибе алмасу Өзін-өзі бағалау Әдіс-тәсілдерді қолдау Тиімді технологиялар Педагогикалық жағдаяттарды талдау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі бойынша  
 балабақша тәрбиешілеріне арналған  
**«Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық  
 қабілеттерін дамыту»**  
 атты педагогикалық шеберхананың жұмыс  
**Ж О С П А Р Ы**  
**2025-2026 оқу жылы**

Қызмет бағыты №	Жұмыс мазмұны мен түрлері	Әдіс түрі	Мерзімі	Жауапты
№1 отырыс	<p><b>1. Ұйымдастыру бөлімі</b>                      Шеберханаға қатысушылар тізімімен жасақтау, сауалнама толтыру</p> <p><b>2. «Цифрлық дәуірдегі тәрбиеші: Технология мен тәрбиенің үндестігі»</b>                      тақырыбындағы шеберхана жетекшісінің педагогикалық презентациясы <b>Сапаргуль Буркитбаевна Узакбаева, №49 «Думан» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі</b></p>	<p>Сауалнама</p> <p>Флэш-тренинг</p> <p>Кәсіби диалог</p> <p>Презентация</p>	Қараша 2025 ж	С.Б.Узакбаева А.А Ерішева
№2 отырыс	<p><b>1. «Балалардың түрлі әрекетін ойын арқылы ұйымдастыру»</b></p> <p><b>2. «Бояу-баланың ойы мен қиялының көрінісі» шеберлік сағаты</b></p> <p><b>3. «Ғажайып ойын алаңы - қауіпсіздік пен шаттық әлемі»</b>                      тәрбиешілерге арналған іскерлік ойын</p> <p><b>4. «Инновациялық әдістер - заманауи тәрбиешінің басты құралы»</b></p>	<p>Шебер сағаты</p> <p>Іскерлік ойын</p>	Қаңтар 2026ж	С.Б.Узакбаева, шеберхана құрамының мүшелері

<p>№3 отырыс</p>	<p>1. «Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда дәстүрден тыс технологияларды тиімді пайдалану» тақырыбындағы коучинг  2. «Салт пен сана - ұрпаққа өнеге» ата-аналармен жұмыс  3. «Шығармашылықтың жолындағы шебер тәрбиешілер» тақырыптық тапсырма  4 «Таңғажайып зертхана»</p>	<p>Коучинг  Ата-анамен жұмыс  Шебер сағаты  Педагогикалық ринг</p>	<p>Наурыз 2026ж</p>	<p>С.Б.Узакбаева, шеберхана құрамының мүшелері</p>
<p>№4 отырыс</p>	<p>1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы педагогикалық шеберхана жұмысын қорытындылау (презентация)  2. «Кәсіби мамандыққа тәрбиелеуді мектепке дейінгі ұйымнан бастау» шеберхана қатысушыларының жобалық жұмыс қорғауы.</p>	<p>Жоба қорғау  Педагогикалық ринг</p>	<p>Мамыр 2026 ж</p>	<p>С.Б.Узакбаева, шеберхана құрамының мүшелері</p>